

## УНИВЕРСИТЕТ МҰРАҒАТЫНЫҢ ДЕРЕКТІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Телбаева Назира Жиеналиқызы**

e-mail: [Nazira.telbaeva@bk.ru](mailto:Nazira.telbaeva@bk.ru)

«Тарих» білім бағдарламасының 2-курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к. – Кайргалиева Г.

Қазақстанның жекелеген жоғары оқу орындарының тарихы бойынша зерттеулердің бірқатар тәжірибесі болғанына қарамастан жоғары оқу орындары, яғни университеттік архивтердің жұмысын ғылыми талдау әлі де жеткіліксіз зерттелген. Көптеген зерттеу жұмыстарында архив материалдары деректанулық, ғылыми, мемориалдық, көмекші дереккөз базасы ретінде пайдаланылады. Жергілікті университеттердің архивтерінде өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму ерекшеліктерін көрсететін бірегей құжаттар сақталады.

Бұл тұрғыда Батыс Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі — Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті ерекше қызығушылық тудырады және университеттің бай тарихы өңірде педагогикалық және классикалық университеттік білім беру жүйесін қалыптастырудың даму тарихын сипаттай алады. Университеттің мұрағаттық қорлары оның институционалдық дамуының әртүрлі кезеңдерінде, яғни мұғалімдер институтынан бастап қазіргі заманғы көпсалалы университетке дейінгі даму сатысындағы құжаттарды жинақтағанымен ерекшеленеді. Оларды талдау нақты ЖОО тарихын қайта құруға ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы жоғары білім берудің жалпы даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Университет архиві – білім беру мекемесінің маңызды тарихи және мәдени қазынасы болып табылады. Ол университеттің қалыптасуы мен дамуының бүкіл кезеңдерін бейнелейтін құжаттар мен материалдарды сақтап, келер ұрпаққа жеткізеді.

Архив материалдары университеттің ғылыми, оқу және әкімшілік қызметі туралы нақты ақпарат береді. Бұл құжаттар зерттеушілерге, оқытушылар мен студенттерге тарихи зерттеулер жүргізуге, білім беру үрдісін жетілдіруге, сондай-ақ университеттің мәртебесін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Университет архивтері Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа кезеңге өтті. Бұл кезеңде архив жұмысы жүйеленіп, электронды құжат айналымы енгізіліп, архив материалдарын зерттеу мен пайдалану ауқымы кеңейді. Архивтер білім беру саласының даму тарихын нақты деректермен дәлелдей отырып, оқу орындарының халықаралық деңгейге көтерілуіне септігін тигізді.

Университет архиві – жоғары оқу орнының тарихи, ғылыми және мәдени мұрасын сақтайтын маңызды институт. Ол оқу орнының қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңдерін бейнелейтін құжаттар мен материалдарды жүйелі түрде жинап, қорғап, келер ұрпаққа жеткізеді. Университет архиві білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметінің негізін құрайтын құнды ақпараттық ресурс болып табылады.

Қазақстандағы университет архивтері ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. Алғашқы архивтік материалдар оқу орнының құрылуы мен оның қызметі туралы құжаттардан тұрады. Мұндай архивтер университет қызметінің заңдылықтарын, оқу бағдарламаларын, ғылыми зерттеулерін, студенттердің және оқытушылардың өмірбаянын тіркеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін архивтердің қызметі жаңа деңгейге көтерілді: электрондық архив жүйелері енгізіліп, құжат айналымы цифрланды.

Қазақстандық ғалымдар арасында архив ісі саласында Ж.А. Омаров және Г.Қ. Сарымсаков сияқты зерттеушілердің еңбектері жоғары бағаланады. Олар архив ісінің теориясы мен практикасындағы ұлттық ерекшеліктерді зерттеп, жергілікті архивтерді

дамытуға үлес қосты. Ж.А. Омаров – Қазақстандағы архив ісін дамытуға үлес қосқан ғалым. Оның еңбектерінде архивтердің ұлттық ерекшеліктері мен тарихы, құжаттардың сақталуы мен өңделу әдістері қарастырылады. Омаров архивтің мемлекеттік және қоғамдық маңызын атап, архив қызметінің кәсіби деңгейін көтеру мәселелерін көтереді. Оның зерттеулері университет архивтерінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.

Г.Қ. Сарымсақов архив ісінің теориясы мен практикасын интеграциялау мәселелеріне назар аударады. Оның мақалаларында цифрландыру, электронды құжат айналымы, архив материалдарын пайдалану жүйелері туралы тың идеялар мен ұсыныстар бар. Сарымсақовтың еңбектері қазіргі заманғы университет архивтерінің тиімді жұмыс істеуіне ғылыми негіз береді.

Қазақстандағы архив ісін зерттеуші Аққали Ахметтің пікірінше, архивтерде құжаттарды қабылдау, есепке алу және сақтау, ғылыми-техникалық өңдеу және сипаттамасын жасау, құжаттарды цифрландыру және электрондық архивтер құру, зерттеушілерге және жеке азаматтарға архивтік анықтамалар беру, мемлекеттік және тарихи маңызы бар құжаттарды жариялау функцияларын жүзеге асады [1].

Университет архивтері жоғары білім беру тарихына және институционалдық жадыға қызығушылықтың артуы жағдайында университет тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие. Университет мұрағаты басқару құжаттамасының бірегей қоймасы ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемесінің академиялық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени қызметін қайта құрудың маңызды көзі болып табылады. Мұрағат материалдарын талдау университеттің білім беру дәстүрлерін, ғылыми мектептерін, кадр саясатын және корпоративтік мәдениетін тарихи динамикада қалыптастыру процестерін бақылауға мүмкіндік береді

Университет архивтерінде ректораттың бұйрықтары, ғылыми кеңестердің хаттамалары, оқытушылар мен студенттердің жеке істері, ғылыми іс-шаралар туралы есептер, оқу жоспарлары, түрлі хат алмасулар мен корреспонденциялар, нормативтік құжаттар көшірмелері секілді көптеген дереккөздерді жинақталады. Бұл дереккөздер ЖОО тарихын микро және макро деңгейлерде зерттеуге, оның институционалдық даму ерекшеліктерін және мемлекетпен және қоғаммен өзара іс-қимылын анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік мұрағаттардан айырмашылығы, университет мұрағаттары академиялық орта мен университеттің күнделікті өмірінің ерекшеліктерін көрсете отырып, білім беру мекемесінің ішкі логикасын сақтайды

Осы тұрғыдан Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің архив қоры маңызды құжаттар сақталған маңызды нысан болып табылады. Бұл мақалада күні бүгінге дейінгі жоғары оқу орнын бітірушілерге берілген дипломдар бойынша талдау жүргізілді. Қазіргі университет мұрағатында бітірушілердің құжаттарын тіркеу 1954 жылдан басталады. Архивте 1954-2025 жылдар аралығындағы бітірушілердің құжаттары тіркелген 105 журнал сақталған [2] (1-сурет).

1-сурет. 1954-1963 және 1963-1969 жылдардағы бітірушілер құжаттарын тіркеу журналы



№	Тегі, аты-жөні	Туған жылы	Партиялылығы	Мамандығы факультеті	Оқуға түскен-бітірген жылдары	біліктілігі
1	Ажимов Мекерия	1935	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
2	Сақатова Жания	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
3	Кусдавлетов Зинолла	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
4	Бергенова Камария	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
5	Бисенғалиева Унзила	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
6	Абишев Галимжан	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
7	Даиров Сейтхан	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
8	Казбағанбетов Базарғали	1935	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
9	Баймағамбетов Нурлыбай	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
10	Назаров Жалғас	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
11	Искалиева Нағима	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
12	Альдешов Бактығалий	1933	-	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
13	Иманғалиев Рахмет	1933	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
14	Гаммаев Зулфухар	-	-	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
15	Алиманов Кубар	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
16	Қонарбаева Нурлы	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
17	Молдажанов Утебали	1933	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
18	Танғазиева Саухат	1927	-	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
19	Большов Алексей Алексеевич	1930	-	Орыс тілі/әдебиеті	1952-1954	мұғалім
20	Махова Фаина Федоровна	1927	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
21	Қасымов К.	1932	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
22	Қосмағамбетов Биман	1931	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
23	Ступина	1933	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім

	Мария Сергеевна					
24	Богачева Ольга Алексеевна	1931	-	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
25	Канцева Александра Ксенофоновна	1932	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
26	Вишневская Ривекка Майоровна	1930	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
27	Еремина Наталья Сергеевна	1933	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
28	Галхида Валентина Владимировна	1926	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
29	Винокурова Зоя Федоровна	1934	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
30	Корякова Мария Владимировна	1932	-	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
31	Чигрина Таисия Георгиевна	1932	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
Кестені жасаған автор						

Тізімдегі 31 бітірушінің 6-уының партия мүшелілігі жоқ, 1-інің туған жылы туралы мәлімет жазылмаған, жасы бойынша ең үлкені 1926 жылы туған, ең жасы кішісі 1935 жылы туған [4]. Осы 31 тұлғаның бөлінген жұмыс орындары 2-кестеде беріледі:

2-кесте: 1954 жылғы қазақ және орыс тілдері мамандығын бітірушілердің жұмысқа бөлінуі

№	Тегі, аты-жөні	Мамандығы факультеті	Жұмысқа жері/мекемесі	жіберген
1	Ажимов Мекерия	Қазақ тілі /әдебиеті	Таушық орта мектебі	
2	Сақатова Жания	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына	
3	Қусдаuletов Зинолла	Қазақ тілі /әдебиеті	Қызылқоға ауданына	
4	Бергенова Камария	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына	
5	Бисенғалиева Унзила	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына	
6	Абишев Галимжан	Қазақ тілі /әдебиеті	Баксай ауданына	
7	Даиров Сейтхан	Қазақ тілі /әдебиеті	Денгиз ауданы Үштаған орта мектебі	
8	Қазбағанбетов Базарғали	Қазақ тілі /әдебиеті	Жилокосинский ауданы	
9	Баймағамбетов Нурлыбай	Қазақ тілі /әдебиеті	Таушық орта мектебі	
10	Назаров Жалғас	Қазақ тілі /әдебиеті	Жилокосинский ауданы	
11	Искалиева Нағима	Қазақ тілі /әдебиеті	Гурьев к. Куйбышев орта мектебі	
12	Альдешов Бактығалий	Қазақ тілі /әдебиеті	Баксай ауданына	
13	Иманғалиев Рахмет	Қазақ тілі /әдебиеті	Жазуы түсініксіз болды	

14	Гаммаев Зулфухар	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
15	Алиманов Кубар	Қазақ тілі /әдебиеті	Лабайская шк
16	Конарбаева Нурлы	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
17	Молдажанов Утебали	Қазақ тілі /әдебиеті	Жилокосинский ауданы
18	Тангазиева Саухат	Қазақ тілі /әдебиеті	ОблОно
19	Большов Алексей Алексеевич	Орыс тілі/әдебиеті	Денгиз ауданы
20	Махова Фаина Федоровна	Орыс тілі /әдебиеті	Мақат ауданы
21	Касымов К.	Орыс тілі /әдебиеті	УМВД
22	Космагамбетов Биман	Орыс тілі /әдебиеті	Кеңөзек орта мектебі
23	Ступина Мария Сергеевна	Орыс тілі /әдебиеті	Талдықорған қ.
24	Богачева Ольга Алексеевна	Орыс тілі /әдебиеті	Денгиз ауданы
25	Канцева Александра Ксенофонтовна	Орыс тілі /әдебиеті	Мақат ауданы
26	Вишневская Ривекка Майоровна	Орыс тілі /әдебиеті	ОблОНО
27	Еремина Наталья Сергеевна	Орыс тілі /әдебиеті	Құлсары
28	Галхида Валентина Владимировна	Орыс тілі /әдебиеті	Маңғыстау
29	Винокурова Зоя Федоровна	Орыс тілі /әдебиеті	Жилокосинский
30	Корякова Мария Владимировна	Орыс тілі /әдебиеті	Еркінкала
31	Чигрина Таисия Георгиевна	Орыс тілі /әдебиеті	Гурьев қ.
Кестені жасаған автор			

Аудан, қала және мекеме атаулары тіркеу журналдарындағы жазбаға сәйкес жазылды. Өзгеріс тек қана орыс тілінен қазақ тіліне аударылды.

3-сурет: 1 және 2-ші кестелердегі бітірушілердің мәліметі бар тіркеу журналы

№ п/п	Фамилия, имя и отчество	Год рождения	Место рождения	Год поступления	Год окончания	Присвоена квалификация	Дата и № диплома
1	Ахметов Ахмет	1925	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
2	Саятбаева Жанна	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
3	Бурдабаева Жанна	1934	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
4	Бурдабаева Кадыр	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
5	Бурдабаева Уяғал	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
6	Ахметов Жансейит	1934	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
7	Дарқанов Сағат	1934	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
8	Қадырбаев Бағдат	1935	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
9	Байсейітов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
10	Қараев Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
11	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
12	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
13	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
14	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
15	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
16	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
17	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
18	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
19	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
20	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
21	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
22	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
23	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
24	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
25	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
26	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
27	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
28	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
29	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
30	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
31	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954

№ п/п	Фамилия, имя и отчество	Год рождения	Место рождения	Год поступления	Год окончания	Присвоена квалификация	Дата и № диплома
32	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
33	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
34	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
35	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
36	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
37	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
38	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
39	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
40	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
41	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
42	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
43	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
44	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
45	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
46	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
47	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
48	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
49	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
50	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954
51	Ахметов Аманжол	1932	Алматы	1952	1954	Учитель	12.02.1954

Қазіргі кезде университеттердің архивтік құжаттары оқу орнының тарихын зерттеуде үлкен рөл атқарады. Университеттің мұрағаттары да жалпы архив жүйесіндегі құжаттар егер Атырау университетімен алып қарайтын болсақ (2022 жылғы мәліметке сай) 45334 атаудағы құжат болған. Оның ішінде жеке құрамдағы 20297 құжатты қамтиды. Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің архив қоры 1952 жылдан басталады. Оның ішінде бұйрықтар 1954 жылдан бастап сақталған. Ал диплом құжаттары 1975 жылдан басталған.

3-кесте Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1954-2025 жылдар аралығындағы бітіріп шыққан түлектер саны

1954-1990 жылы	16208 түлектер бітірген
1991-2025 жылы	56994 түлектер бітірген
Барлығы: 73202 түлек	

Осылайша, университеттердің мұрағаттарының тұлғатану, оқу орны тарихы, өлкенің білім беру ісі тарихы, әлеуметтік-экономикалық даму тарихын зерттеуде теректанушылық маңызы мен құндылығы жоғары жинақтаушы жады деп санаймыз.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Ахмет А. Қазақстандағы архив ісінің тарихы (1918-1991 жж.). Алматы: «Medet Group», 2022
2. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің архиві қор 1086
3. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің архиві қор 1086